




23-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ. 2-БӨЛІМ

Американың халықтық музыкасы





Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Американың халықтық музыкасы

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

Дәрістің мақсаты: американдық халық музыкасымен таныстыру. Бұл дәріс Кембридждік жинақтың Ричард Мидлтонның «Жаңа әлем жолында ма? Американдық танымал музыканың артықшылығы» атты еңбегінің мазмұнына сүйенеді, демек оның мақсаты американдық танымал музыканың артық-кем тұстарына баға беру.

Христофор Колумб Жаңа Әлемді ашты, және көбінесе бұл жаңалық Құрама Штаттарға қатысы бар, кең тараған қағидада шикілік бар, деп айтуға болады. 500 жыл өткен соң, 1992 жылда Колумбтың осы жерлерді ашып игеруі, «жаңа әлемдік тәртіптің» орнығуымен, және кейін ол Кеңес Одағы ыдыраған соң, бүкіл ғаламшарды америкаландыру әрекетіне ұқсағанын байқатты. “Жаңа әлем” басқа әлемге қарама-қайшы еді, және сонымен бірге оның өз әмбебап жолы болды.

«Әлемдік музыка» ұғымы осы өзара байланыстардан тыс, мүмкін емес субъективті әлем болса, ал екінші жағынан саяси және мәдени сауда әлемі тараптары диалогқа түсе, күрделі қосу мен ағытылу театры секілді белгілері бар, және әр тараптың балама проекциялары мен интродукциялары, жаулап алу мен құрбандардан тұрады. Американдық жағдай бұл тұрғыдан үлгі тұтарлық.

Отаршылдық Америкада алдымен нысан, содан кейін өктемдік күші және онымен бір уақытта билеп-төстеу және қорлық көрсетуді әдетке айналдыратын дағды көріністерін көруге болады. Американдық музыканың тарихын дәл қадағалап отыратын бұл қатынас Мебиус жолағының құрылымына ұқсас, онда отар мен империя мәртебесі, ішкі және сыртқы себептер, иесі мен құл, құбылыс пен нысан, бір-бірімен үздіксіз немесе белгілі бір себепсіз үлгіде байланысады.

«Адамдар әлемі деген не?» бұл американдық төңкеріспен демократиялық бетбұрыс заманынан бастап қойылып келе жатқан сұрақ, заманауи дәуірдің негізін қалап, содан бері американдық үлгі саясатта, қоғамда және мәдениетте басым болды. 1787 жылы Конституция субъектісі ретінде құрылған «біз, халық» ұғымы, Ағартушылық кезеңнің әмбебаптығын мұра етті, бірақ Америка ұлттық мемлекет болып табылады. Сондықтан нәсілдік пен ұлт арасы басынан бастап қайшылықты болды. Ұлттық отбасы, этнос пен демос арасындағы алшақтық, ерлер мен әйелдер, иелер мен құлдар, өркениетті және жабайылар арасындағы айырмашылықтар одан әрі бытырады. Шын мәнінде, «біз» ұғымы меншікке ие ақ нәсілді ерлермен шектелді.

ЯНКИ ДУДЛ ЕРТЕГІЛЕРІ: РЕВОЛЮЦИЯ ДӘУІРІ

Жастар Республикасы өзін халық әндері түрінде көрсетуге тырысты. Мұндай талпыныстардың мысалдары «Президент маршы» әуеніне шығарылған «Колумбияға қош келдіңіз» әні; «Анакреондағы көк әуе» атты XVIII ғасырдың ағылшын маршының әуеніне шығарылған «Жұлдызды-жылтыраған жалау» әні; сондай-ақ «Құдай, патшаны сақта» Британдық мемлекеттік әнұранының әуенін иеленген «Америка» әнін айтуға болады.

Барлық үш ән тікелей немесе жанама түрде буржуазиялық мемлекеттің қызметінде ұлттық мақсат пен бірлікті білдіру үшін Еуропалық элитамен байланысты музыкалық стильдерді пайдаланады. Репрезентация мәселесі бірінші кезекке шыққан кезде - Конституция, әрине, саяси деңгейдегі өкілдіктің механизмдеріне қатысты, буржуазиялық музыкалық формалардың қазіргі заманғы әдістері әлеуметтік кеңістіктің жаңа тәсілдерін ұсыну үшін әзірленген. Бұл әндер өзін «ынтымақтастықтың» жасаушысы ретінде ұсынады, және оны Бенедикт Андерсон ұлттық «қиял қауымдастығының» негізгі құралы деп атаған. Олар кешеуілденген американдық патриоттық сезімнің қарқынды таралған көріністері екені таңқаларлық емес. Мысалы, 11 қыркүйектегі оқиғалар туралы естелік. Дегенмен, Андерсон бізге еске түсіргендей, он тоғызыншы ғасырдың француз философы Эрнест Ренан айтқандай: «ұлттың мәні оның барлық адамдарында ортақ нәрсенің көп болуында, сондай-ақ олардың барлығы соны ұмытқандығында», деп көрсеткен. Ұлттық отбасын нығайтушы естеліктер драмасы, оның генеалогиясын бұзуы мүмкін кейбір оқиғалар, кейіпкерлер мен өрнек тәсілдері «ұмытылып,» жойылып немесе бұрмаланған болуын талап етеді. Сонда үш американдық ұлттық ән нені ұмыт қалдырды?

«Янки-дудл» - қазіргі таңда патриоттық мағынада қабылданып жүрген, Американың ұлттық әні. Ол тәуелсіздік үшін соғыс кезінде аз уақыт АҚШ-тың алғашқы әнұрандарының бірі болды. Сонымен қатар, Коннектикут штатының әнұраны. Алайда бастапқыда әзіл ән ретінде шығарылған.

Кейбір деректер бойынша, бұл әннің әуені ешқандай жаңалығы жоқ, әуел баста «Нанки-дудл» деген атпен Англияда I Карл дәуірінде белгілі болды және оны патшаның қарсыласы Оливер Кромвельді мазақ ету мақсатында патшаның атты әскері орындаған болатын. 1755 жылы маусым айындағы француздарға қарсы жүргізілген отарлық соғыс кезінде, бұл ән ағылшын әскерлерімен Солтүстік Америкаға таралып,



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Американың халықтық музыкасы

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

әннің жаңа мәтінін британдық офицерлердің солтүстікамерикалық жаңа шақырылған әскерлерді мазақ ету мағынасымен полк дәрігері Ричард Шакберг шығарды. Алдағы уақытта әннің мәтіні бірнеше рет қайта көшірілді.

Мүмкін, оны революция мен федерализм дәуірінде кеңінен таралған және сол уақытта да, қазіргі кезде де американдықтар арасында кеңінен танымал болған мәтіндердің әр түрлі нұсқаларын заманауи лайықтамадағы әуендерден де естуге болады. 1826 жылы мәтін төмендегідей үлгіде болды (сөзбе сөз аударма):

Янки Дудл бізге салт атпен
Пони мініп келді
Қауырсынды домалақ қалпағын
Макарон деп атады.

Дегенмен «Yankee Doodle»-дің ертеректегі нұсқаларының бөлшектерінде айырмашылытар бар, олардың көбінде көңілді әуен мен дөрекі әжуа, мысқыл бар. Сондай-ақ, ән биге жақсы үйлеседі. Көп ұзамай әуен американдық Мәдени мұра мұражайында басты орынға ие болды, онда ол ұдайы өзгеріске ұшыраған жаңа нұсқаларға ие болды.

Аңыз бойынша, «Янки Дудл» әні әуел баста жергілікті қарапайым адамдарды келемеждеу мақсатында пайдаланған британдық әскерилердің әні еді; «Янки» сөзі бастапқыда мысқылдау термині, ал «дудл» сөзі Англияда XVIII ғасырда аңқау немесе ақымақ деген мағына берді. Содан кейін жергілікті тұрғындар әнге дағдылы мағынасы өзгеріп алмастырылған мысқыл рухын меншіктеді. Британдықтардың әнді революциялық соғыс кезінде, кейін Американың Оңтүстік пен Солтүстік аймақтары арасындағы соғыс кезінде әндетіп, орындағандығында еш күмән жоқ. Ертеректегі жарияланған нұсқалардың көбісі британдық үлгідегі әндер. 1770 жылдан бастап сілтемелер мен нұсқалар көбейеді. Алайда, алғашқы жарияланғаны американдық «Түңілу» балладалық операсында бар.

Мәдени алмасудың бөлшектері қаншалықты нақты болса да, бұл ән - Оскар Соннетің ән «әлемді аяғынан басына төңкереді» деген сөзінің нақты айғағы. Американдықтар британдықтардың бұл ән туралы сенімінде ойнап, бұл отарлық тәжірибені өз пайдаларына асырды. «Янки Дудл» патшалық билік туралы бейкүнә пікір айтуына қарап, оны тіпті отарлықтан кейінгі бірінші ән деп есептеуге болады. Және де тура айтсақ, ол заманауи типтегі танымал ән статусына үміткер бола алады. Ол коммерциялық пайдалануға тез кіріп, халықтық аңсаумен теңдестірілгендіктен, оның көпвариантты тарихы осы жаңа мәдени экономикаға тән қарым-қатынас жасайды. Екі көзқарас бойынша «Янки Дудл» мифтік сапаға, қарама-қайшылыққа ие болса да ұлттықлыққа тән белгі - икемділікке ие.

Алайда, өзінің шығу тегінің британдық екенін ұмытып, «Аңсау» операсында «Янки Дудл» әнін Жанат бейнесіндегі жануар кейпін қара нәсілді актер орындаған. Британдық театр композиторы Чарльз Дибдиннің 1788 жылғы музыка турындағы өзінің нұсқасы бар. Онда «Янки Дудл» қара кейіпкерлермен орындалып, ал оның басқа әндері «Янки Дудл» стилінен жиі ажыратылмайды. Мұндай тәртіп шамамен 1770 жылдарда британдық және американдық театрларда кеңінен таралды.

Бірнеше жылдан кейін, 1815 жылы көше театры Ламонда - Нью-Йорктің кедей аудандарындағы жұмыс тобының қара адамдары секілді, ақ адамдары да, плебейге тән бүлікші көше билері мен әндерін жинады, олар өз уақытында менестрлердің карикатуралық шоуын коректендірді. Қара нәсілділер театрда әлдебір бүркеуді қалыптастырды. Сонымен орындаушы бетін бояп, жиі Америкада да, Британияда да танымал болған «Ирландық әндерді орындады.

1808 жылғы басылып шыққан Томас Мурдың ирландық әуендері аталған репертуардың негізгі көзі болды. Бірақ Мурдың көне әуендерге сүйенуі байсалды салундарға үйлесті, міне осы жағыдай отандық әндердің үлкен еуропалық мәтінге еліктеген әуендермен бірігуіне мүмкіндік берді. Олар сондай-ақ, қарапайым тілде «ақ негрлер» деп аталған мыңдаған пролетарлық ирландық келімсектерге жүгінді.

Ал өз кезегінде Жаңа Англия псалмалары «Янки Дудлдың» діни баламасын ұсынды; бірақ дамып жатқан урбанизация, яғни қалалану, нәзік музыкаға деген ұсыныстың көбеюіне әкеліп, ол бетбұрыстардың құрбаны болады - дұрысы, оның стилі Спиричуэлс дәстүрінің «жан дүниелік халықтық әндер» қалыптастыру үшін оңтүстікке ығыстырылды. Мұнда ол әндердің жаңа типтері - әнұранмен нәтижелі байланыста болды, кейінірек Госпел деген атауға ие болады. Олар 1800 жылдардың басында тарала бастады. Олардың орындауда ақ нәсілді адамдармен қатар, қара нәсілділер де қатыстырылды, міне, осыдан ақ біз тағы да қара нәсілділердің музыкасын айқындайтын ерекшеліктерді тани аламыз. Сахарадан Африканың оңтүстігіне қарай таралған мәдениетті суреттейтін саяхатшылардың хабарламаларын қоспағанда бұл ән әуендер Оңтүстік Америка шекарасынан тыс мүлдем танымал болмады. Мұндағы бұрмалау ең терең



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Американың халықтық музыкасы

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

етек алды, өйткені онда тыйым салынған музыка іздері бар еді. Афроамерикандық протестанттық шіркеу құрылған уақыттарда Луизианада этникалық барабандарда ойнау мен африкандық пұтқа табынушылық әнұрандарын айту, оларға арнайы уақыт пен орын белгіленсе де тыйым салынған.

«Янки Дудл» және басқа да ұлттық әндерде ұсынылған төңкеріске шақыру сәті нақты болды және бүкіл әлемде мойындалды: мысалы, «Янки дудл»-ды Бастилияның құлауынан кейін Париж солдаттары да орындаған болатын.

ҚҰЛДЫҚ, НӘСІЛДІК ЖӘНЕ БҮЛІКШІЛІК БЕЙНЕСІ

Бенедикт Андерсон американдық және британдық тарих ұмытуға ұмтылған негізгі сипат, революциялық соғыс алаңындағы туысын өлтіруші драмасы болып табылады, деп көрсетеді. Егер ұлттар арасындағы көне айырмашылықтар бүгінгі таңда бауырмалдық болып сақталмаса, яғни, саналы ұғынуға ұмтылмаса, жалпы мемлекетте тұтас “отбасылық” бірлік бұзылады. Жаңа арман секілді көне армандарды қорғау үшін қан төгілді. Сол себепті 1861-65ж.ж. американдық шиеленіс бөлек ұлттар мен халықтар арасындағы соғыс емес, азаматтық соғыс - бауырлар арасындағы соғыс деп аталуы тиіс, дейді. Мұнда қара нәсілділер отбасының статусы негізгі орынға қойылды, себебі соғыс ішінара құлдық мәселесі себебінен жүргізілді.

1862 жылы жарияланған «Республиканың әскери әнұраны» Юнионисттік бағыт кампаниясының ресми әнұраны болды. Энни Дж. Рэндалл 11 қыркүйектен кейінгі патриоттық оқиғаларда орын алғаны туралы атап өтеді, сондай-ақ қарсылық мәндегі мәтіндерге бейімделу тарихына ие болды.

Оны Азаматтық құқық үшін күресшілер, Вьетнамдағы соғыс жаулары -суфражисткалар, пайдаланды. Бұл ән, мысалы «Джон’с Браун Боди» - яғни, «Джон Браун денесі» деген басқа да нұсқада танымал. Рэндалл 1861 жылдан кейін таралған «Джон Браунның» көптеген нұсқалары халық әнінде шырқалған шынайы оқиға ретінде баяндайды. Мысалы, кейбір афроамерикандықтар шындығында өмір сүрген тарихи тұлға - 1859 жылғы Вирджиния штатындағы федералды арсеналына жасалған сәтсіз азаттық жорықтың лидері, кейін сол үшін өлімге кесілген әскери аболиционшы Джон Браунды құрмет тұтады.

Құлдық, нәсілдік және бүлікшілдік бейнесі - Браунның өзімен Уорд мәтінінен өшірілген, ал жергілікті аймақтарда кеңінен таралған. Барлық нұсқалары орындалған әуен әскери белгі беру әнұраны ретінде қалыптасты. Ол өз өмірін бәлкім, оңтүстікте бастауы мүмкін - оның алғашқы нұсқасы «Ағайындар айтындаршы бізді қайда кездестіресіз» деген қайырма сөздермен аяқталып отырады.

АҚШ-тағы Азаматтық соғыс кезінде Конфедерация өзінің жеке «мемлекеттік әнұраны»- «Дикси» болды; дегенмен Линкольн соғыс соңында оны жаңартылған Одақтың ұлттық әуеніне айналдырды. Әнді 1859 жылы менестрельдер театрының белгілі орындаушысы, бәлкім композиторы Дэн Эммет жазды. Соғыс басталған бойда, Эмметтің солтүстіктікі екендігіне қарамастан, оның шығармасы Оңтүстіктің әнұраны ретінде таңдалды. Оның мәтініндегі «Мен Дикси Лэндде, Дикси үшін өмір сүріп, өлу үшін бекіндім» деген мәлімдемесі бірнеше мәрте қайталанғандықтан, шығарушысының саяси ұстанымына күмән тудырмайды. Халықтық ой «Әскери әнұранға» қарағанда ұзағырақ өмір сүрді, ішінара жалған-қара нәсілділердің диалектісімен орындалған мәтіндерде және ішінара хор әуенінің пентатоникалық, блюз формаларында, ағылшын-кельт халық әні мен заманауи афроамерикандық мотивтерде әрине, осы уақытта Оңтүстіктің музыкалық мәдениетінде мұқият араласқандығымен ерекшеленеді. Осылайша, Диксидің қара нәсілділігі жанама факт болып табылады. Егер «Әскери әнұран» құлдық мәселесін қозғамауға тырысса, «Дикси» оны иеленеді, реакциялық патернализм қолдың либералды бұрылуымен қатар жүрді.

Осы уақытта менестрельдер театры Америкадағы ең танымал музыкалық және театрлық жанр болды. Оның пайда болуы 1828 жылғы Томас Райстың атақты «Jump Jim Crow» би әнінің тууымен байланыстырылады. Дегенмен театр жетістігі джексондық демократиямен сәйкес келген популисттік саяси өзгеріспен және онда әлеуметтік жағыдайы төменгі топтардың ашық нәсілшілдігіне қарағанда, қара мәдениетке келеке сықақ түріндегі келемеж көбірек көрініс тапты. Қара маскамен қорғалған ақ нәсілді актерлар, өздерінен төмендегілерге ұқсамайтындықтарын жариялап, барлық нәсіл әйелдерін айтпағанда, өзін қара нәсілділерден жоғары санап, киімдерін ауыстыра отырып мазақ етті. Бұл карнавалды «махаббат пен ұрлық» театрында гротеск пен әзілдің өзара сабақтастыра шындықты барынша толық көрсетті.

Кейінірек қара нәсілді әртістерді де менестрельдер театрына шақыра бастады, бірақ олар қара бола тұра, гримделген ақ нәсіл актерлері секілді болып көрінуі тиіс еді. Оған қоса, 1867 жылы «АҚШ құлдарының әндері» тақырыбымен шыққан алғашқы спиричуэлс жинағы, өзінің «ессіз алтын энергиясын» батыс нота формасына бағыттады, қара нәсілділердің колледжінің хорлары бұл әндерді Батыстық буржуаздық концерттік залының қатаң формасына өңдеді. Менестрельдер шоуы да орта топтың назарын аудару үшін



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім

Дәріс: Американың халықтық музыкасы

Дәріс авторы: Әлия Сабырова

редакция мен өзіндік цензураға ұшырай бастады - расында да XIX ғасырдың 50-ші жылдарында композитор Стивен Фостер қара нәсілді кейіпкерге арнап жаңа жанр шығарды. Бұл жанрда плантациядағы қорлық пен құлдық жұмысы тақырыбы айқындалды, оның орнына екі қара рөл типі - тартымды аңқау, немесе қарапайым келеке әзілкеш ұсынылды. Бұл өнер түрінің құны Құрама Штаттардың ұлттық отбасыларына қара нәсілділерді қабылдаумен теңестірілді.

Шынайы азаматтық күреспен қатар бұл мәдени дипломатия XIX ғ. ортасындағы халықтық-танымал жанрдың қайта жаңғыруанда өзіндік рөл ойнады. Мысалы «1848 жылғы америкалық» деп аталған көптеген әлеуметтік қақтығыстар - әсіресе, 1846-48 ж.ж. Мексикадағы соғыс нәтижесінде аймақтық драматикалық өктемдіктің таралуымен ерекшеленгендігін баса айту керек.

Оңтүстік батыстағы отарлық тәртіпті бұзу Американың ішкі отарлығымен күрестің қажеттілігін жеңілдетті. Менестрельдер де, қара нәсілділер де шекара сыртында таралғандықтан, менестрельдер труппасы Европада 1840 ж. өзінде гастрольдік сапарлар жасаған, ал Спиричуэлс - Фиск хоры 1870 ж. олардың жолын қайталады. Алайда музыкада таралған жоғарыда аталған екі жанр бұл уақыт аралығында одан да кең тарала бастады. Нақты айтса, Оңтүстік Африкаға, Австралияға, Азияға және т.б. елдерде көрініс тапты. Олар Америкадағы қара нәсілділердің музыканың дамуындағы мәдени шекараларды ғана белгілемеді, сонымен қатар, олар бүкіл әлемге әлемдік музыкада қалыптасып келе жатқан жаңа категорияға материал ұсынды.

Американдық музыканың әлемдік музыканың қалыптасуына тигізген әсерлері туралы әңгімемізді келесі дәрісте жалғастырамыз.

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар:

1. Болман П.В. (1991) «Этномузикатану тарихындағы репрезентация және мәдени сын», кітапта Б. Неттл и П. В. Болман (ред.), «Салыстырмалы музикатану және музыканың антропологиясы»: Этномузикология тарихының очерктері, Чикаго университетінің баспасы, (1992) «La riscoperta del Mediterraneo nella musica ebraica: Il discorso dell'Altro nell'etnomusicologia dell'Europa», в Tullia Magrini (ed.), *Antropologia della Musica e Culture Mediterranee*, Венеция: (1996) «Зиярат ету, саясат пен Жаңа Еуропаны музыкалық тұрғыдан қайта мән берілуі», *Ethnomusicology*
2. Болман П. В. мен Г. Пластино (ред.) *Jazz Worlds / World Jazz* Brusila, J. (2003) «Жергілікті музыка»: Зимбабве үш мысалының негізінде зерттелген әлем музыкасының дискурсы: Bhundhu ұлдары, Вирджиния Mukwasha және Sunduza, Хельсинки: Финн этномузикология қоғамының жарияланымдары
3. Кларк Э. (2005) Тыңдау жолдары: Музыкалық мағынаны түсінудегі экологиялық тәсіл, Нью-Йорк: Оксфорд университетінің баспасы
4. Клейтон М. (2008) «Этномузикологияның дыбыстық тәжірибесі жолында», кітапта Н. Stobart (ed.), *New (Ethno) Musicologies*,
5. Г. Марк (1982) Дыбыс жазбасы. Мәдениет: Этнографияның маясаты мен поэтикасы, Беркли: Калифорния университеті Press
6. Cusick SG (2006) «Жәбір ретіндегі музыка / Қару секілдегі музыка», Trans: *Revista Transcultural de Musica / Трансмәдени музыкалық шолу*
7. Davis R. (2005) «Роберта Лахманның шығыс музыкасы: 1930-шы жылдардағы хабар таратушы инициатива «Палестина», Д. Купер мен К. Доу (ред.), «Музыкадағы Жерорта теңізі»: Сыни перспективалар, жалпы проблемалар, мәдени өзгешеліктер»
8. Элиас Н. (1982) Өркениеттік процесс, ауд. Э. Джефкотт, Нью-Йорк: Пантеон Энгельгардт, Дж. (2005) ««Өткелде» ән салу: Эстония православие шіркеуіндегі музыкалық практика және идеологияның қайта жандануы», философия ғылымдарының докторы, Чикаго Университеті,
9. Эрлманн В. (1999) Музыка, қазіргі заман және жаһандық қиял, Нью-Йорк: Оксфорд университетінің баспасы
10. Lyslo P. (2003) Музыка мен техномәдениет, Мидлтаун, Коннектикут: Уэслиан университетінің баспасы
11. Moore A. (1993) Рок: Негізгі мәтін: Рок музикатанудың дамуы, Бекингем